

Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясымен жүргізілген «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаның, соның ішінде концессиялық жобаның іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудит нәтижесі бойынша іске асыру барысында жіберілген кемшіліктер мен сәйкесіздіктерді алдағы уақытта болдырмау мақсатында «Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемелерінің жауапты қызметкерлерімен өткізілген дөңгелек үстел

## ХАТТАМАСЫ

Шымкент қ.

№ 32

29 желтоқсан 2023 жыл

Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е.Балықбаев төрағалық етті.

Хатшы – Б.Звай

**Қатысқандар:** Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е.Балықбаев , аудит бөлімінің басшысы Н.Омаров және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары.

– **Дөңгелек үстелге шақырылғандар:** «Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Қ.Жусипов, бюджеттік инвестициялық саясат және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бөлімінің басшысы А.Журкабаева, бас маман С.Искаков;

– «Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Е.Дарменов, бұқаралық спорт және инфрақұрылым бөлімінің басшысы М. Орымбаев, бас маман Н.Утепбергенов;

– «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысының орынбасары А.Қайнарұлы, электр және сыртқы жарықтандыру бөлімінің бас маманы Ш.Кемелхан, бөлім басшысы Б. Сейтжаппаров;з

– «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Ш.Суттибаев, баламалы транспорт бөлімінің басшысы Ж.Сейдахметов. Мекемеге 26 желтоқсандағы №08/857 шығыс хатымен хабарлама жолданған болатын.

Мекеменің хабарламаға жауабына сәйкес жоғарыдағы қызметкерлер қатысу керек болған. Алайда белгісіз себептермен қатыспады.

### Күн тәртібі:

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, соның ішінде концессиялық жобалардың іске асыру барысында жіберілген кемшіліктер мен сәйкесіздіктерді алдағы уақытта болдырмау.

**Баяндамашы:** Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е.Балықбаев.

**Тыңдалды:** Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е.Балықбаев өз баяндамасында аудиторлық іс-шарамен қамтылған жалпы 4 басқармалар бойынша орын алған кемшіліктер мен бұзушылықтарға жеке-жеке тоқталып өтті. Аудит объектілері тарапынан бюджет қаржыларын жоспарлау өз деңгейінде атқарылмағандығы мен тиімсіздігін атап өтті. Яғни, бюджет жүйесінің нәтижелік, тиімділік, негізділік қағидаттарын бұзылғандығын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының өрескел бұзылуына жол берілген. Сондай-ақ, бюджет қаржысының тиімді жоспарлануына Басқармалар тарапынан сапалы мониторингтің жүргізілмеуі, жоспарды қалыптастыру мен пайдалану кезінде қолданыстағы заңнаманың сақталмауы, бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына кері әсерін тигізу арқылы мемлекетке залал келтірілгендейігі айтылды.

**Сөз сөйлемді:** Шымкент қаласының дene шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Е.Дарменов, Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары А.Қайнарұлы, Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Қ.Жусипов және басқалар талқыланып отырған мәселелеге байланысты өз ой-пікірлерін айттып өтті.

Баяндамашы және сөз сөйлегендер күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиі жіберілетін кемшіліктер мен бұзушылықтарға тоқталып, алдағы уақытта оларды болдырмау мақсатында атқарылатын іс-шаралар туралы өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын талқыға салды.

**Дөңгелек үстел қорытындысымен шешім етті:** Баяндамашының, қосымша сөз сөйлегендердің ұсыныс-пікірлері басшылыққа алынсын және аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша басқармалардың осы салаға жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жиналыс отырысы нәтижесінде тиісті тапсырмалар берілсін, бюджет қаражатының жоспарлау және пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджеттік заңнама талаптарына түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Дөңгелек үстел төрағасы

Хатшы

А.Е.Балықбаев

Б.Звай